

Әл – Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Қазіргі заманғы Қытайды зерттеу орталығы
Шығыстану факультеті қытайтану кафедрасы



ҚЫТАЙТАНУДЫҢ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРИ



Алматы, 2016

ШЫҒЫСТАНУ БІЛІМІ МЕН ҒЫЛЫМЫНЫң ДАМУЫ ТУРАЛЫ

*Алдабек Н.Ә. т.ғ.д., профессоры, Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткери әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ қытайтану кафедрасының (Алматы қ.)*

Шығысты зерттеу мен зерделеу қазақ халқы үшін бастаудын ертеден алатын үрдіс екендігін білеміз. Тым әріден бастамай-ақ, бертіндегі Шоқан Уәлиханов пен ұлы хакім Абайдың мұраларынан шығыс халықтарының әдеб-ғұрпты мен мәдениетіне, әдеби мұраларына деген қызығушылықтың каншалықты дәрежеде болғандығын бағамдаймыз. Жалпы қазақ мәдениеті шығыс халықтарының мәдениетімен байланысын еш үзген емес. Тек кеңестік замандағы идеологиялық құрсаудың кесірінен қазақ мәдениеті, ғылымы мен білім беру саласы шығыс өркениетінен еріксіз алшактауға тұра келді. Бұл кезеңде Қазақстанда шығыстану саласы назардан тыс қалдырылды. Кеңес Одағында, шығыстану, тек идеологиялық құрал ретінде дамытылып, оны оқыту мен зерттеу орталықтары Мәскеу, Санкт-Петербург, Ташкент пен Қиыр Шығыстаған орналасты.

Қазіргі әлемде адамзаттың назары батыстан гөрі шығысқа ерекше ауып отырғандығы еш жасырын емес. Бұл тек европалықтардың әлем тұрғындарының саны жағынан артта қалып келе жатқан үрдісі мен шығыстың демографиялық қарқынына ғана байланысты емес. Жер шарының орасан аумағын алып жатқан Шығыс адамзат руханиятының, ғылыми білімнің сарқылмас ошағы екендігін мойындаудан да туып отыр. Шығыс, сондай-ақ, қойнауы қазына байлыққа толы аймақ ретінде, әрі көне заманнан-ақ дамыған елдердің көз құртына айналған. Қазіргі технологияның қарыштап дамыған заманында қазба байлықтары мен энергоресурстарға сұраныстың күн санап өсуі жағдайында әлемдегі сан қырлы қитұрқы геосаяси ойындар да осы аймақта іске асырылуда. Iрі державалар арасындағы осы байлықтарға қожайындық ету арманынан туындаған бәсекелестік әрекеттер де негізінен шығыс аймақтарда жүруде.

Біздің мемлекетіміздің геосаяси жағдайына орай, Қазақстан Республикасы Президентінің сыртқы саясат стратегиясында азиялық елдермен саяси және экономикалық байланыстарға ерекше мән берілген. Экономикасы қарыштап дамып отырган және соған сәйкес саяси рөлі де артып келе жатқан Қытай, Оңтүстік Корея, Жапония, Сингапур мен Малайзия сияқты шығыс жолбарыстарымен қатар, көне замандардан руханиятымыз мен мәдениетіміз ұксас және тығыз байланыста дамыған, дініміз ортақ мұсылман елдеріне, түркі әлеміне қазір әлемнің назары ерекше ауып отырган кезеңді бастан кешудеміз. Бұл аталған елдер әлемдік экономика мен саясаттың даму бағытына белсенді ықпал етіп отырган және оған серпін беріп отыргандығын білеміз. Орталық Азияның ірі де іргелі көшбасшы мемлекеті ретінде, тәуелсіз Қазақстан бүгінгі күні өзінің шынайы тарихын қалпына келтіруге кірісіп, әлемнің барлық дерлік елдерімен тығыз байланыстарын қалыптастыруды. Әлемдік қауымдастықтың Батыс-Шығыс жүйесіндегі жаңа геосаяси бағытқа бейімделуіне орай, Қазақстан Республикасы да өзінің қауіпсіздігі мен тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін, экономикасын алдыңғы қатарлы дамыған елдердің деңгейіне жеткізу жолында озық технологиялық жетістіктерге бай батыстық ғылыми жаңалықтарды игерумен қатар, шығыстану ғылымының, яғни Шығысты кешенді зерттейтін ғылым саласының тұрғысынан да зерделеудің қажеттігін үғынды.

Еліміздің Шығыс елдерімен, әсіресе көрші жатқан алып ел - Қытайдың саяси, экономикалық және мәдени байланыстарын қалыптастыру, еткеніміз бен келешегімізді бағамдау үшін де шығыс тілін менгерген шығыстанушы мамандар даярлау қажеттігі туыннады. Қазіргі күнде жоғары сапалы кәсіби маман, қытай тілі мен тарихын, мәдениетін мен саясатын, дипломатиясын менгерген қытайтанушы мамандар даярлайтын еліміздегі бірден-бір орталық әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Шығыстану факультетінің қытайтану кафедрасы. Кафедра қазақстандық ориенталистика орталығы ретінде баршага танымал, шығыс тілдерін менгерген жоғары білікті мамандарды даярлайтын республикадағы ең ірі

МАЗМҰНЫ

Жұбатова Б.Н.

Қытайды зерттеу шығыстану ғылымының өзекті мәселесі.....3

Алдабек Н.А.

Шығыстану білімі мен ғылымының дамуы туралы.....6

Мұқаметханұлы Н.

Мәдениет қауіпсіздігін зерттеу метолологиясы жөнінде.....12

Сапанов С.Ж., Нигметов Б.С., Абдраев Н. К.

Внешнеполитическая концепция Китая «стратегических границ»

и «жизненного пространства» методология исследования.....18

Сериккалиева А.Е.

Модернизация Китая: теоретико-методологические подходы.....28

Тохметов А.Т., Тусыпхан К.

Формирование иноязычной межкультурной коммуникации

в процессе обучения китайскому языку.....37

Түргенбай А.А., Оразбекова Г.Р.

Қытайдың саяси мәдениетін зерттеудің әдіснамалық

негіздері.....46

Арзыкулов А.А.

Модели нетрадиционных уроков истории.....51

Кенжебаева А.Ә., Абаилдаева Г.Н.

Практикалық қытай тілін оқытудың инновациялық

әдістемесі, технологиясы.....57

Ғабитханұлы К.

Қазақ тіліне енген қытай кірме сөздері.....64

Абдурақын Н., Шарыпқазы Н.

Қытай-қазақ тіліндегі бастауыш-баяндауштық сөйлемді

салыстыра отырып қытай тілін оқыту тәсілі.....74

Анипина А.К., Қалиолла А.

Қытай тілін оқыту әдістемесінің зерттеу нысаны.....82

Керімбаев Е.Ә.

Қазақстандағы қытай тілін оқытудың кейбір мәселелері.....89

Досымбекова Р.О.

Аударманы оқытудың әдістемесі.....95

Қалиолла А. , Анипина А.К.

«Жалпыға арналған қытай тілі» окулығындағы

инновациялық тәсілдер.....102

Nabizhanryzy Z.

How Can a Kazakh Teacher of English Succeed in

Oral English Classes.....107